

Ректордың 2020 жылғы 13 наурыздағы  
«Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының жанындағы  
Сот төрелігі академиясында  
қашықтықтан оқыту нысаны бойынша  
оқытуды ұйымдастыру және өткізуге  
арналған (коронавирустық инфекцияның  
таралуына жол бермеу жөніндегі  
алдын алу шараларын енгізу  
кезеңінде жүзеге асатын) басшылықты  
бекіту туралы» №6002-20-7-8/40  
бұйрығына қосымша

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі  
академиясында қашықтықтан оқыту нысаны бойынша оқытуды  
ұйымдастыру және өткізуге арналған**  
(коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі алдын алу  
шараларын енгізу кезеңінде жүзеге асатын)  
**басшылық**

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі Академиясында (бұдан әрі - Академия) қашықтықтан оқыту нысаны магистрант пен оқытушының жанама (қашықтықта) өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылады.

1.2. Қашықтықтан оқыту нысаны бойынша оқу сабақтары Академияның қолданыстағы академиялық күнтізбесіне және сабақ кестесіне сәйкес өткізіледі.

1.3. Емтихан кестесі академиялық күнтізбеге сәйкес құрастырылады және Академия сайтында орналастырылады.

## **2. Оқытудың шарттары мен тәртібі**

2.1. Магистранттарды қашықтықтан оқыту техникалық байланыс құралдары мен бағдарламалық өнімдерін (Skype, Whats App, электрондық пошта және т.б.) оқытушының қалауы бойынша пайдалануды көздейді.

2.2. Магистранттар Skype жүйесіне тіркеліп, өзінің логиндерін бейнеконференциялық байланысты пайдалану үшін Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығына (бұдан әрі - Орталық) электрондық пошта арқылы жіберуге міндетті.

2.3. Қашықтықтан оқыту келесі форматтарда жүргізілуі мүмкін:

- чаттарда, форумдарда және т.б. пән тақырыбы бойынша өзекті мәселелерді талқылау;
- онлайн және офлайн дәрістер;

- электрондық пошта арқылы магистранттардың тапсырмаларды орындауы;

- телекоммуникация және т.б. құралдар арқылы кеңестер беру.

2.4. Оқытушы магистранттарға оқу-әдістемелік материалдарды (силлабустар, кейстер, тесттер, дәріс тезистері, слайдтар және т.б.) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып жібереді.

2.5. Оқытушы әрбір өткізілген сабақтан кейін магистранттарға нақты орындау мерзімін белгілей отырып тапсырмалар береді.

2.6. Орындалған тапсырмалардың нәтижелерін оқытушы бағалайды және оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес үлгерімді, сабаққа қатысуды есепке алу журналына (бұдан әрі-журнал) енгізіледі.

2.7. Магистрант сабаққа онлайн режимінде қатысуға міндетті. Қатысу фактісі журналда тіркеледі, сондай-ақ ағымдық және аралық бақылау қорытындысын шығару кезінде ескеріледі.

2.8. Сабақ кестесіне сәйкес оқытушы пән бойынша кеңестер береді, блиц-сұраулар, коллоквиум және т. б. шараларды өткізеді.

2.9. Аралық бақылауды өткізу нысанын оқытушы өзі анықтайды.

2.10. Қашықтықтан оқыту нысаны кезінде ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау (емтихан) өткізу үшін бейнеконференцбайланыс қолданылады.

### **3. Жауапкершілік**

3.1. Оқытушы қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша сабақтар мен бақылау нысандарын өткізу бойынша өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

3.2. Магистрант дәлелсіз себептермен (бір пән бойынша 3 сағаттан астам) онлайн сабақтарға қатыспағаны, академиялық қарыздың болуы, Академиялық адалдық қағидатын сақтамағаны, тапсырмаларды және өзге де бақылау түрлерін уақтылы орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

### **4. Қорытынды ережелер**

4.1. Осы басшылық 2020 жылдың 16 наурызынан бастап қолданысқа енеді.

4.2. Қашықтықтан оқыту нысаны бойынша оқу процесін ұйымдастыруды және үйлестіруді Орталық жүзеге асырады.